

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша
5–8 және 10-сынып білім алушыларының
аралық емтиханын өткізу тәртібі*

АСТАНА- 2026



Мақсаты мен міндеті



Мақсаты - «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес бағалау.

Міндеті:

- білім алушылардың білім берудің келесі деңгей материалдарын игеру дайындығын;
- функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейлерін бағалау.


Емтиханды ұйымдастыру



Өткізу мерзімі

Ұсынылатын уақыт – мамыр айының **26–31 күндері** аралығы. Бұл кезең білім алушылардың жыл бойы жинақтаған білімін қорытындылауға қолайлы уақыт болып саналады.

Педагог дайындаған тапсырмалар әдістемелік бірлестік отырысында қарастырылады (18–20 мамыр аралығында бекітіледі).



Емтихан тілі

Емтихан тек қазақ тілінде өткізіліп, барлық құжаттар мемлекеттік тілде рәсімделеді. Бұл – мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға және білім алушылардың тілдік ортаға бейімделуіне ықпал ететін маңызды қадам.




Уақыт ұзақтығы

Емтихан уақыты **180 минутты** құрайды. Осы уақыт ішінде білім алушылар берілген тапсырмаларды орындап, өз білім деңгейін көрсетеді.

Төрт негізгі дағды

Тапсырмаларды әзірлеу барысында төрт негізгі дағдыға басымдық беріледі: **тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым.** Әр дағды бойынша нақты оқу мақсаттары таңдалып, соған сәйкес тапсырмалар құрастырылады. Сонымен бірге, әр тапсырмаға бағалау критерийлері, дескрипторлар мен рубрикалар жасалады. Бұл бағалаудың ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етеді.



Тапсырмаларды әзірлеу

- ✓ барлық дағды бойынша таңдалатын тақырып, мәтіндер үлгілік оқу бағдарламасында ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген лексикалық тақырыптармен мазмұндас болуы керек (мәтін мазмұнында дінге, саясатқа қатысты, түсінуге, қабылдауға қиын сөздер болмауы керек;
- ✓ әрбір тапсырма білім алушылардың жас ерекшелігіне сай, тәрбиелік мәні бар, білім алушыға түсінікті, қызықты құрастырылуы тиіс;
- ✓ сөз саны анық болу керек. Мәтін мазмұны мұқият тексеріліп, алынған дереккөздер көрсетілуі қажет).



Емтиханды өткізу қадамдары:

- 1) аудио мәтінді тыңдай отырып орындалған тапсырмалардың нәтижесі арқылы білім алушының **тыңдалым** дағдысы тексеріледі;
 - 2) **айтылым** дағдысы бойынша білім алушыға тапсырмалар беріледі;
 - 3) **оқылым** бойынша білім алушыға дайын мәтін беріледі;
 - 4) **жазылым** дағдысы бойынша білім алушы эссе жазады (оқылым бойынша берілетін мәтін мазмұны мен эссе тақырыбы бір-бірімен байланысты болу керек;
 - 5) эссе мәтініне грамматикалық талдау (ішінара дайындалған тапсырма бойынша) жасайды.
- ✓ Күнделікке емтихан бағасын қою кезінде 30 балдық жүйеге ауыстырылады.
 - ✓ Емтихан аяқталғаннан кейін берілген кестелерді толтырады, талдау жасайды. Білім алушылардың білім сапасының көрсеткішін анықтайды. Жаңа оқу жылында білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою мақсатында жұмыс жасауда емтиханның қорытынды нәтижелері басшылыққа алынады.
 - ✓ Емтиханның аяқталу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының талаптарына сай хаттама толтырылады.

АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

оқыту өзге тілдегі сыныптар үшін

Дағдылар	Тапсырмалар
Тыңдалым (0,5 балл)	Мәтін тыңдап, сұрақтарға жауап береді
Айтылым (0,5 балл)	Тыңдаған мәтін бойынша педагогпен диалогқа түседі
Оқылым (1 балл)	1-тапсырма. Берілген мәтінді оқып, нақты ақпараттарды табады. 2-тапсырма. Мәтіндегі нақты ақпараттармен мәтінді мазмұндау жоспарын құрады
Жазылым (2 балл)	«Табиғатқа саяхат туған жерді танудан басталсын» тақырыбында кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін қамтып, лексика-грамматикалық нормаларды сақтай отырып, оқылым дағдысы бойынша саяхат туралы берілген мәтіндегі оқиғаны сипаттап немесе кейіпкерді суреттеп эссе жазады
Әдеби тіл нормалары (1 балл)	зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолданады. Эссе мәтінінен бір зат есімді алып, септік жалғаулары арқылы түрлендіріп көрсетеді

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптар үшін

Оқу дағдысы	Бағалау критерийлері	Тапсырма реті	Дескриптор	Балл
Тыңдалым	Мәтін тыңдап, сұрақтарға жауап береді	1	- сұрақтарға жауап береді;	0,5
Айтылым	Тыңдаған мәтін бойынша диалогқа түседі	1	- жұбымен жұмыс жасайды;	0,5
Оқылым	Берілген мәтіннен нақты ақпаратты табады және мазмұндау жоспарын құрастырады.	2	- Әр абзацтан нақты ақпараттарды тауып жазады (0,5 балл); - мазмұндау жоспарын құрастырады (0,5 балл).	1
Жазылым	- эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтап, өзіне таныс оқиға немесе кейіпкерді сипаттап не суреттеп эссе жазады. - жазылым мәтінін орфографиялық және пунктуациялық нормаға сай жазады.	3	-эссенің құрылымын (кіріспе, негізгі, қорытынды) сақтап жазады (0,5 балл); -мәтіндегі оқиғаны (кейіпкерді) сипаттап не суреттеп мазмұнын толық ашады (1 балл); -орфографиялық, пунктуациялық нормаға сай жазады (0,5 балл).	2
Әдеби тілдің нормалары	Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолданады.	1	- мәтіннен зат есім сөзді табады (0,25 балл); - әр септіктің жалғауын дұрыс қолданады (0,25 балл); - сауатты жазады (0,25 балл); - сұрақтарын қояды (0,25 балл).	1




Тыңдалым дағдысы бойынша оқу мақсатына сай таңдалған мәтінді аудиожазба түрінде алдын ала жазып компьютерге жүктеп қоюы керек. Емтихан кезінде білім алушы мәтінді екі рет тыңдайды, тыңдалымға арналған тапсырмаларды орындайды (сұрақ-жауап, жабық тапсырмалар, тест т.б.).

Айтылым дағдысы бойынша білім алушыға тақырып беріледі (диалог, монолог, сұхбат т.б.).

Оқылым дағдысы бойынша таңдалған мәтінмен (сұрақ құрастыру, сәйкестендіру, тест, кестемен жұмыс, сөз мағынасын ашу т.б.) жұмыс жасайды.

Жазылым дағдысы бойынша берілетін эссе тақырыбы оқылым бойынша таңдалған мәтінмен мазмұндық байланыста болуы керек.

Нәтижелерді талдау



Емтихан аяқталғаннан кейін міндетті түрде талдау жұмыстары жүргізіледі. Білім сапасы анықталып, нәтижелер сараланады. Жүргізілген талдау негізінде келесі оқу жылына арналған түзету жұмыстары жоспарланады. Бұл – білім сапасын үздіксіз жетілдірудің маңызды кезеңі.

БАЙҚАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫНА ТАЛДАУ ЖАСАУ

Байқау емтиханына қатысушылар туралы мәлімет
Өңірі (қаласы, ауданы,
мектебі) _____

Сыныбы	Білім алушылардың саны	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны, себебі

Емтихан тізімдемесі

Сыныбы	Қатысқандар саны	Оның ішінде			
		«2»	«3»	«4»	«5»

Білім сапасы (пайыздық көрсеткішпен)

Сөйлесім әрекеті	Қатысқан білім алушы саны	Оқу мақсаты коды	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жоғары		
			0 - 39 %	40 - 84 %	85 -100%		
Тыңдалым							
Айтылым							
Оқылым							
Жазылым							
Әдеби тіл нормалары							
Білім сапасы көрсеткішіне комментарий							
Сынып бойынша меңгерілген мақсаттар				Қиындық тудырған мақсаттар			

Емтиханнан босату туралы

Білім алушы қай уақытта аралық емтиханнан босатылады?

- 1) денсаулық жағдайы бойынша;
- 2) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, оның ішінде бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;
- 3) жақын туыстарының қайтыс болуы.


Білім алушыларды аралық аттестаттаудан босату туралы бұйрықтар:

- 1) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген білім алушылар санаты үшін «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 [бұйрығымен](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) бекітілген № 026/е нысанына сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;
- 2) жақын туыстарының қайтыс болғаны туралы куәлік негізінде шығарылады.

Аралық аттестаттаудан босатылған білім алушылар үшін қорытынды баға ағымдағы оқу жылының жылдық бағасы негізінде қойылады.



Қорытынды



Аралық аттестаттау – оқушының білім деңгейін тексеріп қана қоймай, сонымен қатар мұғалімнің еңбегін бағалайтын, білім беру сапасын арттыруға бағытталған маңызды үрдіс. Сондықтан бұл үрдіске үлкен жауапкершілікпен қарап, сапалы ұйымдастыруымыз қажет.

Назарларыңызға рақмет!

